

ӘОЖ 32с1

С.Ш.Мұсатаев, Қ.С. Меңдіғалиев\*

Философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
\*E-mail: kubashuk.82@mail.ru

### Біріктіруші жалпыұлттық идеяны қалыптастырудың әлемдік саяси тәжірибесі

Мақалада әлемдік саяси тәжірибедегі мемлекет халқын топтастырушы ұлттық идеялардың үлгілері мен олардың эволюциясына саясаттанулық талдау жасалады. Қазақ хандығы, Алашорда кезеңіндегі, тәуелсіз Қазақстандағы жалпыұлттық идеялардың даму сатылары тұжырымдалады. Жаһандық және локальді ауқымдағы ұлттық идеялар салыстырмалы түрде зерделеніп, сипаты мен іс-әрекет етуіне, бағытына қарай бірнеше түрге жіктеліп қарастырылады. Сондай-ақ мемлекеттің саяси жүйесіне байланысты ұлттық идеялардың өзіндік ерекшеліктері болатыны қамтылып, ұлт пен ұлттық идеяның арақатынасына назар аударылып, жұмылдырушы идеяларға ғылыми сипаттама беріледі. Авторлардың тұжырымы бойынша Қазақстанның тарихи ұлттық идеясы кезеңдік сатылардан соң және сапалық өзгерістерден кейін Президент Жолдауында айтылған «Мәңгілік ел» идеясына қадам басты.

**Түйін сөздер:** ұлт, идеология, идеологема, ұлттық идея, ұлттық бірегейлік, концепция, топтастыру, «Мәңгілік ел».

S.SH.Mussataev. K.S.Mendigaliyev

### The formation of the nationwide consolidation ideas in the world political practice

It is article analyzed by world policy experience view united national idea examples and their evolutions. Also it is conceptualised development steps of the nationwide ideas of the period of Kazakh khanate, Alash Orda and independence of Kazakhstan. Global and local national ideas is explored comparatively, depend on character and actions, directions is sorted, considered by several aspects. Also up to politic system of the state it is covered distinctions of the national idea, mentioned interrelations between definitions of nation and national idea, given scientific characteristics to the combined ideas. Regarding concept of authors kazakhstans nation idea step up on the direction of historical idea «Mangilik el» which is mentioned in the annual message of the president after periodical steps and qualitative changes.

**Key words:** nation, ideology, ideologem, national idea, nation identity, conception, consolidation, «Mangilik el».

С.Ш. Мусатаев, К.С. Мендигалиев

### Формирование консолидирующих общенациональных идей в мировой политической практике

В данной статье дается политологический анализ и эволюция моделей национальных идей консолидирующих население в мировой практике. Рассматриваются этапы развития общенациональных идей в Казахском ханстве, Алашординском периоде и в независимом Казахстане. Прослежен сравнительный анализ глобальным и региональным национальным идеям, классифицированы и рассмотрены согласно характеру и направлению деятельности. Также рассматривается специфика национальных идей в зависимости от политической системы, проведена научная оценка консолидирующих идей. По мнению авторов, историческая национальная идея Казахстана, пройдя через определенные этапы развития, подвергаясь качественным изменениям, эволюционировала в новую идею «Мәңгілік

ел», озвученной в рамках послания Президента Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** нация, идеология, идеологема, национальная идея, национальная идентичность, концепция, консолидация, «Мәңгілік Ел».

Құрамында көп түрлі этноәлеуметтік топтар кездесетін әрбір мемлекет үшін жалпыұлттық идеяны қалыптастыру үлгілері мен концепцияларының маңызы зор. Ал мұндай, яғни, құрамында байырғы ұлтпен қатар түрлі ұлттық топтар мен этникалық азшылықтар мекендемейтін, халқы бір тілде сөйлеп, бір ортақ дінге сыйынатын, бір текті рухани-мәдени құндылықтарға негізделген әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді ұстанатын, түрлі әлеуметтік қабаттар мен топтарға жіктелмейтін мемлекет әлемде жоқтың қасы. жалпыұлттық идеяның концепциясын жасаудағы әлемдік тәжірибеге сүйену де Қазақстандық хал-ахуалға сай еленіп-екшелгені абзал. Осы ретте Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «...ұлттық-мемлекеттік ерекшеліктерімізді, саяси тарихымызды, мәдениетімізді, посткеңестік стереотиптерімізді, этникалық дәстүрлер мен көптеген басқа да, қысқаша айтсам, өркениеттік-мәдени айшықтарымызды ескере отырып, стратегиялық дамуымызды өз күшімізбен анықтауға тиіспіз», – деуі әбден түсінікті [1].

Кез келген ұлттың өмір сүруінің алғышарты – өз болмысы мен табиғатын, өзін-өзі ұдайы іздеуі. Әлемдік саяси тәжірибедегі мемлекет пен қоғам көшбасшылары қиын-қыстау кезеңде халықтың интеллектуалдық күш-қуаты мен ұлттық ресурсын біріктіріп, ортақ мақсатқа бастайтын жалпыұлттық идея тауып отырған мысалдары тәуелсіз Қазақстан үшін зор тағылым. Әсіресе, ірі мемлекеттер үнемі «тұтастырушы идеяны», жұмылдырушы ұлттық ұрандарды қажет етеді. Осы ретте Еуразиялық философия теоретигі П.Н. Савицкийдің «Басқарушы адамды, мекемені сайлап алғанша, біз одан бұрын басқарушы идеяны сайлап алуымыз керек» деген пікірінің мәні зор екеніне көз жеткіземіз. Ұлттық идея тірі ағза ретіндегі мемлекеттің өмірінің мән-мағынасын анықтайды және елдегі әртүрлі ұлттар мен халықтарды біріктіреді. Ұлттық идеясыз ешқандай мемлекеттілік ұзақ мерзімді келешекте уақыт сынына төтеп бере алмайды. Тарихта антикалық Рим *Рex Romana* идеологемасы жетекшілігімен орасан зор империя құру жобасын іске асырды. Испаниядағы Рамиро де Маэсту құрастырған ис-

панидад ұлттық идеясының қалыптасуына испан жұртының жаны мен жүрегі ретінде орныққан католицизмнің зор ықпалы болды. ХУІІ ғасыр ортасында дүниежүзілік держава мәртебесінен, жаулап алған территорияларынан айырылған Испания тығырықтан шығаратын идея іздеді. Осы ізденістен туындаған испанидад доктринасы испандықтардың ұлы ұлт болып қана емес, өзге елдерді испандандыру мақсатын білдірді. Испаниялықтар Америка континентіне алғаш аяқ басқан еуропалықтар ретінде өздерінің әлемдегі ерекше орны бар, мессиандық ұлт екенін жариялап, ұлттық мифтер ойлап шығарды. Территориялардан айырылғанымен испандық мәдени ықпалды сақтап қалған испанидад доктринасы кейін ибероамерикалық қауымдастық пен испан тілдес халықтардың идеясында айрықша орын алды.

1791 жылы Кордельер саяси клубының мүшелері ойлап тапқан «Еркіндік. Теңдік. Бауырластық» ұраны француз революциялық армиясының кеуде белгісі ретінде жапсырылды. Кейін 1848 жылы конституцияға енгізілген бұл ұран Францияның ұлттық идеясына айналды. Ресей империясы кезеңінде «Сенім, Патша, Отан үшін» идеясын уваровтық «Православие. Самодержавие. Халықтық» ұлттық ұранымен алмастыру арқылы мемлекеттің өміршеңдігін сақтап қалды. Оны 1833 жылы Ресей империясының халықтық ағарту министрі С.С. Уваров ұсынған еді. Бұл формулада «православие» орыс мемлекеттігінің рухани құрамдасын, «самодержавие» билік нышанын, ал «халықтық» орыс қауымының беріктігін, орыстық болмысын білдірді. Кеңес мемлекетінің идеологиясы коммунизмнің мессиандық эсхатологиясымен анықталды. «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» идеясы интернационалдық сипатына қарамастан мемлекеттің ұлттық идеологемасы ретінде қолданылды. Келесі идеологиялық түзету бір елде социализмнің құрылу тәжірибесімен анықталды. «Ресейде Үшінші Интернационалды жүзеге асыру мүмкін болды және Үшінші Интернационал Үшінші Римнің көптеген белгілерінен асып түсті. Үшінші Интернационал да қасиетті патшалық, және ол да ортодоксалды сенімге

негізделген. Үшінші Интернационал Интернационал емес, орыстың ұлттық идеясы. Бұл орыс messiанизмнің трансформациясы» деп жазды Н.А.Бердяев.[2].

Германия алғашқы кезде Қасиетті Рим империясының заңды мұрагері саналған Австрияның төңірегіне топтасты. Бытыраңқы неміс корольдіктері, графтықтары, герцогтықтары, бекіністерінің партикулярлық идеологиясының басында Бавария тұрды. О.фон. Бисмарктің «темір мен қан» саясаты неміс интеграциясын сәтті түрде жүзеге асырылды.Германияның ұлттық идеясы біріккен Еуропа жобасымен айтарлықтай үйлесім тауып, «Ортаңғы Еуропа» геосаяси тұжырымдамасымен өздерін Еуропаның негізгі интеграторы рөлін алуға тырысты.Бірінші дүниежүзілік соғыста тас-талқан болып жеңіліп, репарацияларды өтеу мен Рейн аймағын демилитаризациялаудан кейін Германияда ұлттық өзгешелік пен реваншизмге ұмтылыс өрши түсті. Бұл идеяны жалау еткен национал-социалистер билік басына келді. Неміс мәдениеті өзгелерден артықшылықты насихаттайтын ерекше арийлік нәсіл идеясына ұласты.Астамшыл идея адамзатты үлкен құрбандықтарға душар етті. Соғыстан кейінгі Германиядағы кінәсін мойындау идеясы және оны жалпыеуропалық құндылықтарға қосу өзінің әсіреұлтшылдық болмысын жеңіп шығуға жағдай туғызғаны анық. Герман экономикалық ғажайыбының авторы соғыстан кейінгі Эрдхард реформаларының басты жетістігінің құпиясы экономикалықпен қатар, ұлттың рухани кеңістікте жатыр.

АҚШ-та ұлттық идеяның орнына эквивалентті конструкт – «америкалық арман» деп аталатын эмбебап құндылықтар жүйесі қолданылады. Сонымен бірге АҚШ үшін – бұл Рах Americana әлемдік жоба. Бұл термин алғаш рет 1898 жылы американдық экспансионизмнің апологеті, Индиана штатының сенаторы Альберт Дж. Беверидждің Куба мен Филиппинді жаулап алу қажеттігі туралы «Жалау маршы» деген сөзінде айтылды [3].

АҚШ-тың ұлттық ұраны болып «In God We Trust» («Құдайға сенеміз») идеологемасы көрінеді, протестанттық көзқарас доктринасы «Manifest Destiny» – «құдайлық жазмышқа» сай келеді. Ұлы депрессия жылдары АҚШ-ты шыңыраудан алып шыққан Рузвельттің «Жаңа курсы», одан кейін Дж. Кеннедидің «жаңа қоғамы» түптеп келгенде «америкалық

арманның» құрамдас бөлігін құрады. Қазіргі кезде америкалықтар өздерін жаһандық көшбасшы, бір полюстік әлемнің орталығы ретінде сезінеді, рухтанады. Екінші дүниежүзілік соғыста күйрей жеңілген Жапонияның қарыштап дамуына күшті идеологиялық тұғырнама себеп болды. Соғыста тас-талқан болып жеңіліске ұшырау, Перл Харборға шабуыл Күншығыс империясының кеңею арманын жокқа шығарды. Осы кезде «Біз соғыста жеңісек те, бейбіт өмірде жеңіске жетуіміз керек. Қан майданда жеңілдік, бірақ экономикада жеңу қажет» деген ұлттық идея алғаш шықты. «Игілікті мемлекет» ұранын көтерген Исидори үкіметінің, одан кейін Икэда үкіметінің «ұлттық табысты екі еселеу» ұранын жалау еткен жоспарлары жапон жұртынан кең қолдау тауып, соғыстан қалжыраған елдің экономикасы өрлей бастады. Жалпы ішкі өнімі 30 жыл бойы 10 пайыздан өсіп отырған Күншығыс елі ақыр соңында әлемдегі көшбасшы мемлекетке айналды [4].

Бұл тұрғыда дәстүрлі жапон рухы мен ең жаңа батыстық технологияның бірлігі туралы жапон идеясы өте тартымды да қолайлы болып шықты. Жапония икемді экономикалық жүйе құрып, дәстүрлі мәдениет құндылықтары мен Батыстың либералдық құндылықтарының синтезін жүзеге асыра алды. Сол арқылы өскелең жаһандану жағдайында өзінің этностық бірізділігін сақтап қалды. Бұдан да әріге барсақ, жапондық экономикалық таңғажайып құбылыс батыстың ең жаңа технологиялары мен менеджментін қабылдап алудан ғана емес, сонымен бірге «жұмбақ жапондық жан-дүниенің», буддистік этика қағидаттарының, адами қатынастардағы жарасымдылықтың, ұлттық қасиет пен ділдің ең жақсы сипаттарын бұзылудан сақтаудың: табиғат пен тазалыққа деген сүйіспеншіліктің, ұжымшылдықтың, еңбекқорлықтың, үлкендерді сыйлаудың, билік өкілдері мен нышандарына, Конституцияға және өз ұлттық мемлекетіне деген құрметтің арқасында мүмкін болды. Түбі бір, саяси жүйесі бөлек Солтүстік Кореядан қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басымдық тұтқан Оңтүстік Кореяның ұлттық идеясының мәні – бұрынғы отарлаушы ел – Жапонияны экономикалық даму жағынан қуып жетіп, басып озу болды. Бүгінде Оңтүстік Корея «кедейшіліктен құтылу» ұлттық идеясын іске асырған болса, бүгінде қос Корея еліне ортақ бірігу идеясы бүкіл әлем үшін өзекті күйінде қалып отыр. Наполеоннан кейін «Франция – бұл Мен» деген батыл ұран тастаған гене-

рал Шарль де Голльдің «Ұлы Франция» ұлттық идеясын сәтті жүзеге асыра білді. Италияндық ұлт-азаттық қозғалысының ұраны ретінде жас италяндықтар құрастырған, Италияның мемлекеттік бірігуі үшін күрес әркімнің діни парызы болып табылады деген идеямен жүргізілген «Құдай мен халық» императиві қолданылды. Сондай-ақ қазіргі италян мемлекеті ұлттың дамуын жүзеге асыратын «Жаңа Италия – бүгін» идеологемасына сүйенеді.[5].

Иран «ислам тазалығы» ұстанымын берік ұстануға тырысты. Израильдің ұлттық идеясы сионизм негізін қалаушыларының тарихи отанда ұлттың дінгегін қалыптастыру жайындағы арманы болды. Еврейлік ұлттық идея жоқ жерден, жоғалған тілден, тарыдай шашыраған ұлттан күшті мемлекет құруға болатынын көрсетті. Өмірінің 27 жылын түрмеде өткізген Нельсон Мандела Оңтүстік Африка Республикасында ақ не қара нәсілге бөлмейтін, яғни апартеидсіз ел саясаты ОАР-дың ұлттық идеясына айналды. Бұл ұлттық идея жүректерге жол тауып, әлемнің қолдауына қол жеткізіп, ОАР-дың өрлеуіне мүмкіндік берді. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы АҚШ тарапынан қатаң әскери және экономикалық блокада жағдайында қалған Куба елінде «Бостандық не өлім» ұраны ұлттық идея ретінде өміршең болып келеді.

Л.Н. Гумилевтің пассионарлық теориясы бойынша этнос белгілі бір «ұлттық идеяны» қалыптастырып, барлық күш-жігер соған төңірегінде жұмылдырылады. Ұлттық идея әдетте сыртқы шақырулар мен қатерлерге жауап ретінде қалыптасады. Мысалы Ресейдің «Мәскеу-Үшінші Рим» идеясы Константинопольдің күйреуі және шығыс христиандықтың әлемдік орталығының құлдырауына байланысты жасалған жауап болды. Осындай глобалді мессиандық идеялар метафизикалық шақыруларға лайықты үн қатса, кейбір ұлттық идея үлгілері өз ауқымы, мазмұны мен бағыт-бағдары жағынан локальді кеңістіктерді игеруді мақсат тұтты. Осы тұрғыда жоғарыда келтірілген мысалдар негізінде әртүрлі ұлттық идеяларды төмендегідей жіктеуге болады:

1) Кеңістікті игеру, экспансия жасау, қозғалысқа шақыру идеялары. Бұндай қозғалыс идеялары ғасырлар бойы Ресейдің империялық саясатына, III Рейх кезеңіндегі Германияға («Drang nach Osten» – «Шығысқа басып кіру» ұранымен) қызмет етті.

2) Этникалық идеялар. (ГФР, Израиль), мемлекет территориясында адамдарды бір ұлтқа топтастыру, сол ұлтты бейнелеу идеялары.

3) Бірігу идеялары (қосылу)- мәселен, екі Вьетнам, екі Германия, қос Корея...

4) Ұлттық қарымта қайтару (реванш) идеялары. Оның нақты мысалы Версаль әлемінен кейінгі Германия.

5) Рухани, мессиандық тұрпаттағы ұлттық идеялар. («Мәскеу – үшінші Рим», «КСРО – дүние жүзілік революцияның бесігі», «Еркіндік. Теңдік. Бауырластық»).

6) Азат етуші идеялар. (Ұлы Отан соғысынан бастап американдықтарға қарсы Вьетнам күресі, Ирак, Ауғанстандағы ахуал және т.б. жұмылдырушы идеяларды қамтиды).

7) Жекелеген, ұлт, этностың тәуелсіздік алу жолындағы ұлт-азаттық идеялары. (Тамил илам азат етуші жолбарыстары, баск сепаратистері және т.б.).

Жоғарыда аталған әлем мемлекеттерінің мысалын алсақ, олардың кез келгенінің дамуында ұлттық идея тарихи миссияға айналып, топтастырушылық қызмет атқарғанын көруге болады. Бұған қоса барлық өзгешеліктері жағдайында бұл мемлекеттердегі ұлттық идея белгілі бір елдің әлемдік ауқымдағы тарихи рөлін немесе миссиясын, тиісінше бұл елдерде өмір сүретін адамдар ұрпағының тарихи рөлін немесе миссиясын айшықты көрсетіп берді. Қазақстанның ұлттық идеясын қалыптастыру және ұсыну мүмкіндігі туралы әңгіме болғанда кез келген белгілі ұлттық идеяның құтқарушылық ерекшелігі назардан тыс қалмауы тиіс секілді. Мұның өзі кез келген мемлекеттің ұлттық идеясының мазмұнына жаһандану процестері барған сайын көбірек ықпал ете бастағанда осы заманғы әлем жағдайында айрықша дұрыс бола түсуде [6].

Расында, ұлттық идея ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы үрдісінде басты фактор ретінде алдыңғы шепке шығады. Ұлттық қауымдастықтың дүниетанымдық бағдарларын білдіретін нақты идея арқылы мемлекеттік идеология әзірленеді. Ұлт идеясы халықтар мен ұлттардың басты рухани және материалдық принциптерін білдіріп, қоғам дамуының әлеуметтік-мәдени динамикасын анықтайды. Бұл категория әлемдік тарихтағы мәдени-өркеніеттік бірегейлікті пайымдау арқылы ұлттық өзін-өзін танудың маңызды механизмі болып табылады.

Ұлттық идея тапсырыспен туындамайды. Бұл

идеологиялық сызбаның жасанды өнімі, қандай да бір мақсатқа бағытталған дүниетанымдық сұрыптаудан шыққан бұйым емес, халықтың өмірлік сапасына тән нәрсе. «Ұлттық идея» – көпқырлы, күрделі ұғым. Оны қоғамның трансформациясы барысында ұлттық ерекшелікті пайымдау, ұлттың дамуы жолдарын іздеу; қоғамды саяси топтастырушы идея аспектісінде қарастыруға болады. Ұлттық идея ұлттың мәні, оның мақсаты мен міндеттері туралы сұрақтарға жауап беру жүгін мойнына алады. Қалыптасқан мемлекеттің ұлттық идеясы болмауы мүмкін емес. Ұлт – ұлттық идеяға ие халық. Ұлттық идеяның өзіндік ерекшелігі сол, елдің немесе өркениеттің өмір сүру қабілетінің факторларын айқындайды [7].

Ұлттық идея ұлттың құрылуымен бірге қалыптасады. Бұл мемлекет құрылысы үрдісімен және ұлттық қатынастардың институционалдануымен тікелей байланысты. Ибериялық әлемде «ұлттық идея» діни рең алып, әскери экспансияны заңдастырып, Испанияны «әлемдік империяға» айналдыруға бағытталған болатын [8].

Екі ұғымның ортақ мезгілдік құбылыс екендігі туралы тұжырымға сәйкес, ұлттық идея – ұлтпен бірге пайда болады десек, қазақтың ұлттық идеясын Қазақ хандығы дәуірінен бастауға болады. Осы жағынан алғанда «Қазақстандағы ұлттық идеяның жасы – қазақ этносымен түйдей құрдас. Ол қазақтармен бірге дүниеге келді әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Мақсатсыз ұлт ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Ендеше ұлттық идеямыздың бес ғасырдан астам тарихы бар екен. Оның өзі бірнеше дәуірден тұрады. Қазақ хандығы тұсында ұлттық идеяның өзегін мемлекеттікті нығайту, этникалық территорияны қалыптастыру, Ресей, Қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым-қатынас орнату құрады».[9].

Айта кету керек, мемлекеттердің саяси жүйесіне қарай біріктіруші ұлттық идеялардың мазмұндық сипаты да өзгеше болып келеді. Мәселен, демократиялық елдердің ұлттық идеясының негізі – экономика болып саналады, бұл өз кезегінде өмір сүрудің жоғары деңгейіне жетуді мақсат етеді. Ондай мақсатты алға қоюға қабілетсіз авторитарлық және тоталитарлық елдерде «бақуатты өмір сүру» ұранының орнына «тірі қалу» идеясын алдыға қойып, сыртқы жау образын жасап шығарады. Сыртқы жау обра-

зын тек тоталитарлық елдер ғана емес, дамыған әскери-өнеркәсіптік елдер де қалыптастырады. «Қырғи-қабақ» соғыста жеңіске жеткен АҚШ пен Батыс елдері жау образынан айырылды, деген оны исламшыл және сербтік экстремистік топтар, Иран, Ирак, Ауғанстан, Солтүстік Корея сияқты елдер алмастырды. Қоғамды бірлікке жұмылдыру үшін ұлттық саясатында жау образын Израиль, Үндістан, Пәкстан сияқты елдер барынша пайдаланып отыр.

Әрбір тарихи даму кезеңінде өзіндік идеясы болмайтын ұлт жоқ және кең ауқымды адамдар тобының санасы мен жүрегін жаулап алуда ешбір әлеуметтік идея тиімділігі жағынан ұлттық идеямен теңдесе алмайды. Оның табыстылығының құпиясы – адамдардың ұлттық абыройы мен сезімі атынан сөйлеуге қабілеттілігінде. Бұған гитлершілдердің неміс халқының сезімін соғыс отын тұтандыруға ұтымды пайдаланғаны дәлел. Бұдан бір жақты, яғни, ұлттық идея жағымсыз құндылық екен деген ой тумауы тиіс. Ұлттық идеяны әсіресе реакцияшыл күштер де, сондай-ақ прогрессивті күштер де өз мүдделеріне сай пайдалануға қабілетті. Сондықтан бұл мәселенің мәні саясаткерлер мен идеологтардың пайдаланған жалған мұраттарында емес, ұлттық идеяның жалпыадамзаттық құндылықтардың жолын ұстаушылығы, басқа халықтарға қатынасындағы әділеттілігі, ар-ождан бостандығына деген шынайы мазмұнында.

XIX ғасырда Латын Америкасы, XX ғасырда Азия мен Африка елдерінің басты ұлттық идеясы – азат ету идеясы болғаны мәлім. Ұлттың мемлекет құруы үшін алғашқы ұлттық идеясы – азат ету, тәуелсіздік алу сипатында көрініс табады. Ұлттық идеяның келесі сатысы – тәуелсіздік алған мемлекет ішіндегі алуан түрлі этностар мен халықтарды топтастыру идеясы алдыңғы қатарға шығады. Дәл осы кезде мемлекеттік ұлттық идея мен этностардың идеясы қақтығысқа түседі (Сербия, оның Косовоға бөлінуі, Грузия және оның Абхазия мен Оңтүстік Абхазияға жіктелуі). Оны ұлттық идеяның біріктіруші ретіндегі шешуші емтиханы деп атаған жөн. Осы кезеңде ішкі идеялық қақтығыстар өршіп, оған қоса сыртқы факторлардың ықпалымен мемлекеттің екі немесе бірнешеге бөлінуіне әкеліп соғады. Бұл сатыдан сәтті өткен мемлекетте ішкі қауіп-қатер деңгейі бәсеңдеп, нығаю мен дамуға бет алады.

Біздің ойымызша, әлемдік тәжірибені зер-

делей келе, мемлекеттілікпен тікелей байланысты ұлттық идеяның даму эволюциясын төмендегідей жіктеуге болады.

- Бастапқы ұлттық идея – азат ету, тәуелсіздік алу идеясы.
- Біріктіру идеясы – ішкі идеялық қақтығыстарды тойтарып, топтастыру идеясы.
- Ұлы ұлттық идея – өрлеуге қол жеткізіп, мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз етеді.
- Әсіреұлтық идея – өсіп-өркендеп, гүлденген, қуаттанған мемлекеттің ұлттық иде-

ясы өз шекарасынан асып, өзге елдерге ықпал етуге бағытталады.

- Мессияндық ұлттық идея – державаға айналған мемлекеттің әлемдегі ерекше миссиясын айқындап, осы бағыттағы іс-әрекетін заңдастыруға бағытталған идея.

Әлемнің бірқатар елдеріндегі ұлттық идеяның эволюциясын талдап, салыстыра отырып, Қазақстанның ілкідегі ұлттық идеясы қандай сатыларды өткергенін кесте түрінде зерделеуге тырыстық (кестеге назар аударыңыз).

### Кейбір елдердегі ұлттық идея эволюциясы

Мемлекет	Тарихи кезеңдері		
Ресей	Ресей империясы <i>Негізгі ойы:</i> славян жерлерін біріктіру идеясы, Ресей православие дінінің қорғаушы ретінде <i>Идеялық ұғымы:</i> «Сенім, Патша және Отан үшін», «Мәскеу-Үшінші Рим» «Самодержавие, православие»	Кенестер одағы <i>Негізгі ойы:</i> барлық азаматтардың теңдігі идеясы, ұлы кеңес мемлекетін құру, коммунизм идеясын іске асыру <i>Идеялық ұғымы:</i> «Барлық елдердің пролетариаттары бірігіңдер!», «Коммунизм жеңісі үшін алға - бүкіл адамзаттың жарқын болашағына қарай»	Ресей Федерациясы <i>Негізгі ойы:</i> Талқы үстінде. Ресейді супердержаваға айналдыру идеясы қолға алынды <i>Идеялық ұғымы:</i> Талқы үстінде. Басқарушы партияның ықпалымен «Біртұтас Ресей» идеясы жиі айтылады.
Германия	Германия (XIX ғасыр ортасы) <i>Негізгі ойы:</i> Тілдік және мәдени ортақтық негізінде адамдар қауымдастығын біріктіру <i>Идеялық ұғымы:</i> Азаматтық еркіндік және мемлекеттік тәуелсіздік неміс жерлерін бір орталыққа біріктіру. Бірлік, тәуелсіздік және неміс халқының бостандығы	1933-1945 жж. (гитлерлік Германия кезеңі) <i>Негізгі ойы:</i> Германия-таптық антагонизмнен ада «халықтық қауымдастық». Германия миссиясы – Еуропа мен әлемде «жаңа тәртіп орнату». <i>Идеялық ұғымы:</i> «Германия – бәрінен асқақ, бәрінен жоғары»	Германия (XX ғасырдың екінші жартысы) <i>Негізгі ойы:</i> Германияның экономикалық күдіретін жаңғырту <i>Идеялық ұғымы:</i> ГФР мен ГДР-ді біріктіру
Франция	XVIII ғасыр аяғы. (Ұлы француз революциясы кезеңі) <i>Негізгі ойы:</i> азаматтар мен адам құқығының теңдігі идеясы. Франция – еркін және тең азаматтар республикасы. <i>Идеялық ұғымы:</i> «Еркіндік, теңдік бауырластық»	XX ғасыр ортасы (голлизм, Шарль де Голль президентігі кезеңі) <i>Негізгі ойы:</i> Францияның ұлттық айбыны, ұлылығы идеясы. <i>Идеялық ұғымы:</i> «Франция алдыңғы қатарда болғанда ғана Франция бола алады»	XX ғасыр аяғы <i>Негізгі ойы:</i> Өзге халықтардың ұлттық өзін-өзі тану идеясы, жеке адам мен ұлттың еркіндігінің бөлінбейтіндігі идеясы <i>Идеялық ұғымы:</i> Мультикультурализм
АҚШ	XVIII ғасыр аяғы. <i>Негізгі ойы:</i> Американдық халқының бірігуі мен гүлденуі.	XX ғасыр <i>Негізгі ойы:</i> «Америкалық ерекшелік» идеясы – америкалық	XXI ғасыр басы <i>Негізгі ойы:</i> АҚШ демократияның

	<i>Идеялық ұғымы:</i> халықтың тұтастығы, штаттар мен федералдық үкімет арасының нығаюы. Әрбір азаматтың сөз бостандығы, діни сенімі, баспасөз бен митинг өткізуіне кепілдік алуы.	өмір сүру образы. <i>Идеялық ұғымы:</i> Әрбір азамат терісінің түсіне, тегіне, мұрагерлікке, өзге де артықшықтарға қарамастан өз таланты мен ерік-жігеріне қарай миллионер немесе президент бола алуы.	әлемдік қорғаушысы ретінде <i>Идеялық ұғымы:</i> «Неғұрлым демократиялық, қауіпсіз және гүлденген әлемді құру мен оны қолдауға көмек көрсету арқылы американ халқы мен халықаралық қауымдастықтың еркіндігі мен мүдделерін алға тарту».
Қазақ-стан	Қазақ хандығы	Алашорда	Тәуелсіз Қазақстан
	<i>Негізгі ойы:</i> Құдайдан басқаға бағынбау идеясы, адамгершілік, әділеттілік, тектілік, кісілік қасиеттерді ардақтайтын, ұжымдық бірліктегі қоғам құру, күшті орталықтандырылған мемлекет болу,  <i>Идеялық ұғымы:</i> Абылайдың үш арманы сипатында көрініс табады: жерді игеріп, отырықшылық кәсіпті меңгеру, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заман орнату, үш жүздің басын біріктіру, Асан Қайғы бабамыз аңсаған «Жерұйық» идеясы.	<i>Негізгі ойы:</i> Саяси күресте өркениетті тәсілге жүгініп, «Оян, қазақ!» деп халықты ағарту жолымен тәуелсіздік алу, алаш мүддесі үшін қуғын-сүргінге ұшыраса да тәуелсіз ел болуға ұмтылу. <i>Идеялық ұғымы:</i> «Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз!», «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам», Алашорда үкіметінің 10 бабындағы елдік мәселелер	<i>Негізгі ойы:</i> Ұлтаралық татулық пен келісімді сақтай отырып, жаһандық өркениеттер диалогының алаңы, ядролық қарусыз әлем құру қозғалысының көшбасшысы, инустриялық-инновациялық даму <i>Идеялық ұғымы:</i> Орталық Азия барысына айналу, 2050 стратегиясында бекітілген әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену, «Мәңгілік Ел» идеясы.

Саяси ғылымда ұлттық идея мәселесі өте күрделі құбылыс, оны әркім өзіндік тұрғыдан зерделейді. Сол себепті де ұлттық идея проблематикасымен айналысатын зерттеушілерді олардың пайымдауларына қарай либералдық және консерваторлық деп бөліп қарастыруға болады. Либерал зерттеушілер тобының ұлттық идеяны ұлттық жоба ретінде бағалайды. Олардың пайымдауы бойынша ұлттық жоба – әмбебап (либералды) мақсаттарға спецификалық (ұлттық) құралдармен жетудің мүмкіндігі, ал ұлттық ерекшеліктер мен мүдделер либералды қоғам құру қолданылатын ресурс ретінде танылады. Басқаша айтқанда, 90-жылдардың ортасында либералдар өз кезегінде ұлттық идеяны ұлттық жобаны іске асыру үшін ұлтты жұмылдырушы күдірет деп қарастырды. Зерттеушілер сол тұрғыдан ұлттық идеяны «бұқараның еркін шығармашылығының» жемісі емес, идеологтардың іс-әрекетінің өнімі деген көзқарасқа басымдық береді. Консерватор-

лар үшін ұлттық идеяны «жалпыадамзаттық» өлшемнен гөрі этникалық-ұлттық ерекшелігі айқындалып тұратын «халық рухы» сипатында зерделейді. Олар ұлттық идеяны мән-мазмұны жағынан халықтық рухпен тікелей сәйкесетін құбылыс ретінде бағамдайды. Сондықтан ұлттық идея халық рухын іске асыру болса, интеллектуал-консерваторлардың міндеті идеяны жасау емес, іздеп табу, қолдану болып шығады.

Біздің ойымызша, ұлттық идеяны саяси шешімдермен және ресми құжаттармен шатастыруға болмайды. Ол ең алдымен ұлттың рухани өміріне бағытталуы керек. Ұлттық идеяны ұлттық мүдде шеңберімен тарылтуға болмайды. Ол өздігінен үстем бола алмайды және плюралистік қоғамның принциптеріне сәйкес болуға тиіс. Өйтпеген күнде өзінің топтастырушы міндетін орындай алмайды. Екіншіден, ол жалпы адамзаттың үрдістерімен табиғи байланысты болуға, жалпы адамзаттық құндылықтардың

біртұтас базасына сүйенуі тиіс. Ұлттық идея ғаламдық рухани өрістердің бір бөлшегі, ол нәсілшілдіктен, ұлттық өркөкіректіктен және діни тайталастан бас тартады. Басқаша айтқанда, ұлттық идея бір халықты екіншісінен өзгешелеп тұратын нәрсені ғана емес, белгілі бір ұлттық қауымдастық шеңберінде басқа халықтармен байланыстыратын, біріктіретін нәрселерді қамтиды. Ұлттық идеяның тағы бір сипаты – оның біріктіруші, жұмылдырушы құдіреті. Жай ғана басты міндет деп жариялау жеткіліксіз. Маңыздысы – идеяның қоғамдық санаға дендеп енуі. Сонда ғана ол ұлттың қаз тұрып, дамуында шешуші рөл атқарады, ұлттық дамудың қозғаушы күшіне айналады. Осыдан-ақ «жоғарыдан» ұсынылған емес, қоғамдық санада қайнап піскен идея ғана шын мәнінде ұлттық идеяға айналатыны айқын. Сондай-ақ мынаны да атап өтуіміз керек: ұлттық идея – нақты тарихи ахуалға қарай өзгеріп отыруы заңдылық. Ұлттық идея «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген халық даналығына сай болуы тиіс. Өткенге негізделетін ол, бүгінгі өзгерте отырып, болашаққа бағдарланған. Ұлттық идея кенеттен пайда болмайды. Ол бұқаралық санада жүріп жататын тереңдегі, бірте-бірте болатын, нақты халықтың кезеңдегі мүдделерін білдіретін процестің нәтижесі. Сонымен, ойымызды түйіндеп айтар болсақ, ұлттық идея дегеніміз ел мен ұлттың болашақ дамуына қолайлы бағытты анықтайтын идея. Егер мұндай идея бар болса қоғам өзінің тағдырының қожайыны бола алады, ол оны мақсатты түрде құрады. Бұл құрылыстың аясында жеке тұлға өзінің саналы тағдырына ие болады. Егер мұндай идея жоқ болса қоғам құрылымды болмайды ол аморфты атомдарға бөлінген жағдайға айналады, онда әр адам-атом өзі үшін ұсынылады және өзі қатысады, ел мен ұлт жалпы алғанда саналы тәртіптен айырылады және өзінің болашағын жақсылап жоспарлаудан және оған ұмтылуды қояды.

Ал енді ұлттық идея қандай болуы керек деген мәселеге тоқталсақ, біріншіден, ол заманауи болу керек. Себебі біз жаңғырған ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Екіншіден, ол озық болуы керек. Әлемдік қауымдастықтың, жалпы адамзаттың бүгінгі даму үрдістеріне сәйкес болуы тиіс. Үшіншіден, ол рационалды, яки ақылға қонымды болуы тиіс. Бұл идея ұлттың жақсы өмір сүруі мен гүлденуі үшін нақты жағдайлар жасауы керек. Оның іске

асырылуының нәтижесі адамдардың әл ауқаты мен қорғалуының, қоғамдағы тұрақтылықтың өсуі болуы тиіс. Төртіншіден, ұлттық идея ұлтсыз болмайды. Бұл сол топырақта өніп өсіп шыққан сол ұлттың ғана мүддесі, құндылықтары мен талабынан туындауы керек.

Ұлттық идеяға деген сенімнің өзі сол кезеңдегі нақты басқарушы билікке деген үміттің әлсіз болғанның күнде де мемлекеттік жүйесінің тұрақтылығын айқындап береді. Бұл басқарушы элитаға өз өкілеттігін орындауына мүмкіндік жасайды. Жоғарыдағы мысалдардан кез келген халықтың ілгері жетелеуші ұлттық идеяны қабылдап, жұмылып жұмыс істеуі үшін бірқатар шарттар қажет.

1. Ұлттық идея мен оның құрамдас бөліктері тарихи тұрғыдан нақты дәйектеліп, халық оған сенім артып, игілікке кенелтіп, бүгінгі және келешек ұрпақтарының өмірлік маңызды мәселелерін шешуге бағытталуы тиіс. Кез келген кезекті популистік науқан немесе биліктің ат төбеліндей тобы мен байлардың саяси авантюрасы ұлттық идея ретінде баянды бола бермейді.

2. Үлкен жауапкершілікті мойнына алып, көшбасшы ұсынған саяси курс пен мемлекеттік ауқымды бағдарламалар халықтың басым көпшілігінің үлкен сеніміне ие болып, сұранысын өтеуі керек. Халық өз жетекшілеріне сенім білдіріп, соңынан еруі қажет. Көшбасшылар биліктің үш тармағының (заңшығарушы, атқарушы және сот билігі) тепе-тең бөлінісін шынайы қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен бірге көшбасшы әділеттілік танытып, сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, әр салада асқақ идеалдарға шын берілген, кәсіби деңгейі жоғары, білікті кадрлардың мүлтіксіз жұмыс атқаруын қамтамасыз ете алуы тиіс.

3. Егер билік сыбайлас жемқорлық секілді қоғамдағы дертпен күресте көзбояушылық үшін екінші деңгейдегі жетекшілерді немесе шенеуніктерді жауапқа тартып, артынан шартты түрде жазалап я болмаса амнистия жарияламай оған ымырасыз және тұрақты тойтарыс беріп отырғанына шынайы көз жеткізсе, халық ұсынылушы ұлттық идеяға және көшбасшының саясатына қолдап білдіріп, тұтас күшке айналады.

Жалпы алғанда, ұлттық идеяны енгізудің табыстығы көптеген факторларға тәуелді, соның ішінде негізгі үш факторды атап өтуге болады (суретке назар аударыңыз):



### Ұлттық идеяны енгізудің шарты



Жоғарыдағы тұжырымдардың түйіні сол, ұлттық идея күшті этносаяси топтастырушы фактор, діни-рухани адамгершілік құндылықтарды, өмір сүру образы мен ұлттық менталитетінің ерекшелігін білдіретін әмбабеп жүйе. Ұлттық идеяның бірінші құрамды бөлігі – қоғамды этносаяси тұрғыдан топтастырушы қабілеті. Бұл дегеніміз мәдени дәстүрлерді сақтау, жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау. Екінші құрамды бөлігі ауқымды міндеттерді орындауға әзір болуы, яғни өз бірегейлігін жоғалтпай отырып жаһандануға кірігуі.

Әлем елдеріндегі көшбасшылар секілді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың саяси курсы мен жыл сайынғы жолдаулары мемлекеттің идеялық бағыт-бағдарын айқындауда адаспас темірқазық, жолсілтербағдаршам іспетті. 1997 жылғы тұңғыш Жолдау Қазақстан-2030 стратегиясында жеті ұзақ мерзімді басымдық анықталып, Қазақстан Орталық Азия Барысына айналуы мақсат тұтса, одан кейін бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу, индустриялық-инновациялық даму, қуатты Қазақстан, «Қазақстан-2050» стратегиясы елді топтастыратын және жұмылдыратын ұлттық идеяның негізгі контурлары болып бекітілді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің ұлттық идеясы қандай болуы керек деген мәселелерге қатысты өз тұжырымын, нақты жауабын ұсынды, елдің идеялық бағдарын айқындап берді. «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол

жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым» деді Президент Н.Назарбаев [10].

Сонымен бірге Елбасы бұл Жолдауда Президент Әкімшілігіне, Үкіметке, Қазақстан халқы Ассамблеясына «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесіп, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеп, қабылдауды ұйымдастыруды тапсырды. Бұл Қазақстан қоғамын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында жұмылып еңбек сіңіруге септігін тигізери сөзсіз. ҚР Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев пайымдағандай, «Мәңгілік Ел» ұлттық идея ғана емес, Қазақстанның мемлекеттік идеологиясының негізі болып табылады. «Елбасы отандық тарихта мүлде жаңа «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасын ұсынып, дәйектеді. Шын мәнінде бұл біздің елдің ұлттық идеясы және мемлекеттік идеологиясы. «Мәңгілік Ел ұлы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басшылық ететін барлық қазақстандықтардың бірегей тарихи миссиясы болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеясы халқымыздың сан ғасырлық арманына ғана емес, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан дамуының нақты нәтижелеріне негізделеді» [11].

#### Тұжырымдар:

Қорыта айтқанда, ұлттық идея заңнамалық актілер немесе халықты мәжбүрлеп жетектеу арқылы жасалмайды. Бұл табиғи жағдайлар барысында тарихи оқиғалар, мемлекеттіліктің даму кезеңдері, халықтың мәдени, психологиялық

және мифологиялық бірегейлігінің нәтижесінен туындайтынын айту керек. Жазушы Сәкен Жүнісов жазғандай, «мемлекет теориясының бастауы – ұлттық идеясыз мемлекет құру қиын. Яғни ұлттық идея – мемлекет теориясының сығымдалған қалыбы, мемлекет теориясы-кең мағынасындағы ұлттық идея».

Әлемдік тәжірибеден көріп отырғанымыздай, кез келген саясат немесе мемлекеттік бағдарлама жемісті болуы үшін оны ұлттық идея формуласы ретінде қарастыру керек. Әлемдік тәжірибе алдымен ұлттық экономиканы көтеріп, бұған халықтың күш-қуатын жұмылдырып, ұлттық идея ретінде жүзеге асыратындығына көзімізді жеткізді. Яғни ұлттық идеяның игіліктері экономикадан ба-

стау алған. Елбасымыздың бұған дейін ұсынған «Орталық Азия барысы», бәсекеге қабілетті экономика, индустриялық-инновациялық даму бағытындағы саясаты «Мәңгі Ел» ұлттық идеясына бастайтын баспалдақ һәм алғышарттар іспетті. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді, яғни Қазақстан «бастапқы» және «біріктіру» идеясына қол жеткізіп, «ұлы ұлттық идеяға» нық сеніммен қадам басты. «Мәңгілік Ел» – Ұлы ұлттық идеяның толыққанды мысалы. Бұл идея әрбір азаматтың әлеуетіне қозғау салып, мемлекеттік ауқымда жүзеге асуы керек.

### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы // Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы, 1996. – 103-133 б. (131; 109).
- 2 Бердяев Н.А. Истоки и смысл русского коммунизма. – М.: Наука, 1990. – 224 с. – 118 бет.
- 3 Багдасарян В.Э., Сулакшин С.С. Высшие ценности Российского государства. – М.: Научный эксперт, 2012. – 624 с. – 265 бет.
- 4 Казахстан и мировая история. // <http://www.elim.kz/article/8/>
- 5 Национальная идея России. В 6 т. Т. I. – М.: Научный эксперт, 2012. – 752 с. – 35 бет.
- 6 Әшімбаев М., Косиченко А., Нысанбаев Ә., Шоманов А. Ұлттық идея: талқыға ұсынылады. <http://www.kisi.kz/site.html?id=234>
- 7 Национальная идея и жизнеспособность государства. Постановка задачи. Материалы научного семинара. Вып. 2. – М., 2009. – С. 15.
- 8 Семенов С.И. Преображение «нации» в Латинской Америке // Национальная идея: история, идеология, миф. – М., 2004. – С. 188, 206.
- 9 Қайдарова Ә.С. Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау): саяси ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2010. – 21 бет.
- 10 Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 17.01.2014. // [http://www.akorda.kz/kz/page/page\\_215740\\_](http://www.akorda.kz/kz/page/page_215740_)
- 11 Касым-Жомарт Токаев. «Мәңгілік Ел» – национальная идея и государственная идеология Казахстана, Казахстанская правда, №13 (27634). 21 января, 2014.

### References

- 1 Nazarbayev N.A. Kazakhstannyn egemendi memleket retinde kalypstasyu men damyunun strategiyasi. // Tauelsizdimizdin bes zhyly. – Almaty, 1996. – 103-133 b. (131; 109)
- 2 Berdyayev N.A. Istoki i smysl rysskogo kommunizma. – M.: Nauka, 1990. – 224 s. – 118 bet.
- 3 Bagdasaryan V.E., Sulakshin S.S. Vysshie tsennosti Rossiyskogo gosudarstva. – M.: Nauchnyy ekspert. 2012. – 624 s. – 265 bet.
- 4 Kazakhstan i mirovaya istoriya. // <http://www.elim.kz/article/8/>
- 5 Natsionalnaya ideya Rossii. V 6 t. T. I. – M.: Nauchnyy ekspert, 2012. – 752 s. – 35 bet.
- 6 Ashimbayev M., Kositsenko A., Nysanbayev A., Shomanov A.. Ul'ttyk ideya: talkyga usunulady. <http://www.kisi.kz/site.html?id=234>

7 Natsionalnaya i shiznesposobnost gosudarstva. Postanovka zadachi. Materialy nauchnogo seminara. – Vyp. 2. – M., 2009. – s. 15.

8 Semenov S.I. Preobrazhaghenie «natsii» v Latinskoi v Latinskoi Amerike // Natsionalnaya idea: istoriya, ideologiya, mif. – M., 2004. – s. 188, 206.

9 Kaidarova A.S. Kazakhstan Respublicasyndagy ulttuk ideyanyn kalyptasuy (sayattanuluk талдау). Almaty, 2010, sayasi gulum doctory gulumi darezhesin alu ushin korgalghan dissertatsiya avtoreferaty, 21 bet.

10 Memleket basshysy Nursultan Nazarbayevtyн Kazakhstan zholy – 2050: Bir maksat bir mudde bir bolashak atty Kazakhstan khalkyna Zholdauy. – Astana, 17.01.2014. // [http://www.akorda.kz/kz/page/page\\_215740\\_](http://www.akorda.kz/kz/page/page_215740_)

11 Kasym-Zhomart Tokaev. «Mangilik El» – natsionalnaya ideya I gosydarstvennaya ideologiya Kazakhstana, Kazakhstanskaya pravda, №13 (27634). 21 yanvarya, 2014.